

егемен

ҚАЗАҚСТАН

«Құс жолының» қиқулы тарихы – 3

(Түркілердің бастапқы өркениет ошағы хақында)

26.04.2017



(Жалғасы. Басы 77-79 нөмірлерде)

Дравид түркілерінің адамзат дамуына қосқан ең зор үлесі Месопотамия қос өзені бойындағы шумерлермен бір кезде, яки б.з.б. 3 мыңыншы жылдықтың басында өз төл жазуларын ойлап табуы, ал артықшылығы – шумерлер алғашқыда буындық жазуды қолданса, дравид түркілері бірден-ақ дыбыстық-әріптік жүйені қолдануы. Олардың пальма жапырақтарына жазылған «потхи» жазулары ұзақ жылдар қозғаусыз жатып, 1979 жылы ғана сырын ашты. Алғашқы дравид түркілерінің жазуы – ұзақ жылдар Үнді буддашыларының қолданысында болған. Өкінішке қарай, осы мәліметтерге мұрындық болған «Лингвистически энциклопедический словарь» (М., 1990.) дравид түркі жазуларының VI ғасырдағы Көк түркілері жазуларымен таңбалық ұқсастығы не айырымы туралы жұмған ауыз ашпайды. Қосымша ізденістер қажет екені түсінікті. Ең бастысы – Элам, Хараппа мәдени күлдіктерінен б.з.б. 3 мыңыншы жылдарға жататын бастапқы түрік жазуының әліппесінің табылуы және оның қайсыбір будда секталары абыздарының қолданысында болуы. Үндінің «Ганджур» энциклопедиясының ғұндардың әліппесі «хоно әрпі» деуі (Сартқожаұлы Қ. «Байырғы түрік жазуының генезисі», Астана, 2007. 51 б.), Л.Гумилевтің

245 және 250 жылдары Камбоджаға елші болып барып қайтқан Кань Тан, сол өңірде Фунан деген бектік барын ауызға ала келіп: «Оларда кітап бар, мұрағатта сақтайды. Олардың жазуы хун жазуына ұқсайды» (Гумилев Л. Хунну. Хунны в Китае. М., 2003. 103 с.) деулері біртіндеп шындықпен ұласар аужай танытады. Дравид түркі жазуының хунуларға ауысып, хун-ну жазуының түркілерге берілу жолдары мен мүмкіндіктері көрер көзге «мен мұндалап» тұр.

Бірде Элам патшалығының, екіншіде Шығыс Эфиопия билеушілері төңірегіне біріккен қиыр оңтүстіктегі түркітілді этностың саяси-әлеуметтік тарихы өте ұзақ, арнайы ізденістердің нысанасы. Үнді өзенін жағалаған хараппалықтар солтүстікте Пенджабқа дейін жетіп, ол өлкенің шығыс аймағында 30 қала тұрғызған. Гималай тауларының асу-асуын меңгеріп, сол жерлерден үй салатын құрылыс материалдары – ағаш тасыған. Оңтүстікке жылжи отырып, Катхиявар түбегін игеріп, 40 қала тұрғызған. Бомбей шығанағындағы Лотхал порты да осы дравид түркілерінің қолтумасы. Келе тұра олар Шри-Ланка өлкесін де игерген. Бұл қауымның жекелеген топтары мезгіл-мезгіл лек-легімен Гималай арқылы Шығыс Түркістан, одан Алтай, Сібір асып кетіп отырған. Тағы бір бөліктері Памир, Орта Азияның қос өзені арқылы жол салып, аспандағы «Құс жолын» жағалап отырып, Орал тауларына шығандаған.

Дравид түркілері б.з.б. 1500 жылдары ғана зор жаугершілікке кезігіп, етек-жеңдерін жиюға мәжбүр болды. Орал таулары, Кама, Ақ Еділ бойларынан дүрліге ауған Ригведа арийлерімен қанды шайқасқа малтықты. Бұл сүргін адамзат көзі көрмеген дойыр жабайылықпен ерекшеленді. Оны жіпке тізіп сараптап көрсең, Шыңғыс хан жауыздығы далада қалады. Кейінгі еуроцентристер шындыққа көзді жұмып, ұялмай-қызармай, Үндістанға өркениет, әсіресе, ізгі көне діни жоралар ұшығын арийлер әкелді деп жауырды жаба тоқиды. Арийлер жаңа топыраққа көп құдайды дәріптеген тайпалық құдайлар жорасымен келді, ал тайпалық құдайлар элам-дравидтіктердің өздерінде де жеткілікті еді. Ал сәулет өнері, жазу-сызу болса, шарықтап тұрған. Арийлердің дөрекі қара күштен басқа элам-дравидтерге үйреткені шамалы. Қалай дегенмен де, неше ғасырларға созылған алапат жаугершілік салдарынан түркілер терістік және орталық Үндістанды арийлерге қалдыруға мәжбүр болғандарымен, Үнді өзені бойы, оңтүстік өлкелер мен су жолы қарым-қатынас тамыры теңіз жағалауларын бермеді.

Арийлер келіп жайғасқан Ганг өзені алқабында Анга, Магадха, Вриджи, Каши, Кошала, Панчала, Ватса, Куру құлиеленушілік мемлекеттері пайда болды. Осы бектіктердің күшімен арийлер жергілікті халыққа өз құдайларын күшпен таңуға ден қойғанда, оған қарсылық ретінде будда діни үрдісі пайда болды. Арийлер жергілікті халыққа сіңіп жұтылып кетпеу үшін, халықтарды бір-бірімен жақындастырмай, оқшаулап ұстау мақсатымен қасталарға бөліну жүйесін өмірге енгізді. Ол қазірге дейін үнді халықтарының басын біріктірмейтін сорға айналып отыр.

Орал тауларынан ауып келген арийлер зорлық-зомбылығына әскери күшпен қарсы тұрған да, олардың рухани қысымдарына қарсылық көрсеткен де дравид түркілері. Олар келімсек арийлерге есе жібере қойған жоқ. Үндістандағы ең іргелі мемлекеттік құрылым Дели Сұлтандығы дравид түркілерінің тарихи отанында құрылды. Бұл мемлекет 1206-1526 жылдар аралығында жасады. Оның алғашқы билеушілері Шығыс Ауғанстанда Сабуктегін құрған Ғазнеуи хандығының өкілдері еді. Ұзамай сұлтандық тізгіні қыпшақтың елбөрі

руынан шыққан Шамс-ад-Дин Мұзаффар Елтұтмыштың қолына көшті. Оның ұшса – канаты, қонса құйрығы 40-қа жуық қыпшақ әмірлері тақты тіреп тұрды. Әлемнің әйгілі тарихшыларының бірі, белгілі «Тахабат-и-Насри» еңбегінің авторы Джужжани оның қол астында қаді міндетін атқарып, еңбектерін жазды. Елтұтмыш шексіз әділеттілігімен, кез келген алдына жүгіне алатын қарапайымдығымен ерекшеленді. Елтұтмыштан кейін сұлтандықты қызы Разия-қатун биледі (Қыдырбаев А.Ш. За пределами великой степи. Алматы, 1997. 61 – 79 с.). Бұл әулет – «Шамсия әулеті» атанып, үздік-создығымен 1320 жылдарға дейін ел тізгінін қолда ұстады. Олардан кейін билік басына «Тұғылық әулеті» келді.

Үндістан жерінде ортаазиялық түркілер құрған сұлтандық не себепті өзінің кіндік ордасына Дели қаласын таңдады? Асылы, жергілікті дравид түркілеріне арқа таңуды көздегендері болса керек. Әрине, біз қазір сұлтандық басшылығы мен жергілікті түркі өкілдері арасындағы қарым-қатынас қандай дәрежеде болғанын ашып айта алмаймыз. Тек, Разия-қатун тұсында жергілікті эфиоп нәсілінен Мәлік Жамал-ад-Дин Якут Хабашидің сұлтандықтың беклербегі дәрежесіне дейін көтерілгені туралы мәлімет сақталған. Сондай-ақ, жергілікті мұсылмандар жетекшісі Нұри-түрік дегеннің сұлтандыққа қарсы көтеріліс ұйымдастырғаны туралы да дерек бар. Қалай дегенмен де, барлық мемлекеттердегі сияқты билік пен қара халық арасы май ішкендей мамыра-жай болмаған.

Әнес САРАЙ, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты